

Кредиттік тарихтың деректер базасын басқару жүйесін пайдалануға беру актісінің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 184 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5472 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 142 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 142 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-1-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоса берілген кредиттік тарихтың деректер базасын басқару жүйесін пайдалануға беру актісі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д.Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны кредиттік бюроларға, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Агенттік Төрайымының қызметі (А. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға

а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және байланыс агенттігі

Төраға Қ. Б. Есекеев

(қолы, күні, елтаңбалық мөр)

Қазақстан	Республикасы	Қаржы
нарығын	және	қаржы
реттеу	мен	қадағалау
Басқармасының	2008	жылғы
28 қарашадағы	N	184
бекітілді		қаулысымен

(кредиттік бюроның атауы)

кредиттік бюросының кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін пайдалануға беру актісі

жасалған орны

жасалған күні

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-1-бабының 4-тармағына сәйкес комиссия мынадай құрама құрылды :

қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік органның өкілдері (лауазымы, фамилиясы, аты, бар болса әкесінің аты көрсетілсін) :

ақпараттандыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган өкілдері (лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты көрсетілсін) :

және ол _____ кредиттік бюросының кредиттік
(а т а у ы)
тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін пайдалануға беру актісін жасады
.

Комиссия жұмысында кредиттік бюроның өкілдері қатысады (лауазымы, тегі,
аты, бар болса – әкесінің аты көрсетілсін):

Заңның 18-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген
ақпаратты жеткізушілермен ақпаратты беру туралы жасалған шарттарға қатысты
ақпарат:

N	Ақпаратты берушілердің атауы	Шарттың нөмірі және жасалған күні	Тестілеу нәтижелері	Тестілеу нәтижесіне түсініктеме
1	Банктер			
1.1				
...				
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар			
2.1				
...				
3	Жүйелендірілген белгілерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға			
3.1				
...				
4	Барлығы (саны)			

Кредиттік тарихтарды қалыптастыру бойынша ақпараттық процесті
ұ й ы м д а с т ы р у :

Кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін сипаттау:

Ақпаратты беру туралы шарт жасаған ақпаратты жеткізушілермен
ақпараттық процесті тестілеу нәтижелері:

Кредиттік бюро өкілдері түсіндірмелерінің қысқаша мазмұны:

Комиссия _____ кредиттік бюросының
(а т а у ы)

техникалық және өзге құжаттарын, Заңның 18-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшасында көрсетілген ақпаратты берушілермен ақпаратты беру туралы шарттарды тексерді, кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін және кредиттік тарихтарды қалыптастыру бойынша ақпараттық процесті ұйымдастыруға арналған өзге объектілерді зерттеді және осы кредиттік бюро кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесін пайдалануға беруге _____ екендігін белгіледі. _____ дайын /дайын емес

Кредиттік бюро мынадай кредиттік тарихтарды қалыптастыру бойынша ақпараттық процесті ұйымдастыруға, кредиттік тарихтардың деректер базасын басқару жүйесіне және ақпараттық процесті тестілеуге қатысты комиссия актісіне _____ қоса _____ берілген _____ құжаттарды _____ ұсынды:

Акт үш данада жасалған және бір данадан берілді:
қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі
м е м л е к е т т і к _____ о р г а н ғ а ;
ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік
реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органға ;
к р е д и т т і к _____ б ю р о ғ а .

Комиссия мүшелері (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, қолы және қол қойған
к ү н і) :

Кредиттік бюроның өкілдері (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, қолы және

қ о л

қ о й ғ а н

к ү н і) :

Кредиттік бюро басшысы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, қолы және қол
қ о й ы л ғ а н к ү н і) :
